

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕР КҮНІ

Құрметті түлектер, өмірде неше түрлі өлшем құралдары бар. Бірақ олардың бір де бірі болашаққа өлшем бола алмайды. Сондықтан өмір үшін болашақтан асқан асыл қадір, одан асыл қасиет болмақ емес.

Қазақ ұлттық зерттеу университетінің ұстаздары дәл осы сәтте еліміздің болашағымен, мемлекетіміздің болашағымен, ғылым мен білім болашағымен бетпе-бет жүздесіп тұр. Ол – Сіздер. Еліміздің, мемлекетіміздің болашағы баянды болсын!

Құрметті түлектер, дүниеде елдің де, мемлекеттің де, ғылым мен білімнің де болашағын өз қолынан жасайтын екі құдірет бар болса, соның бірі – ұлттық зерттеу университеті. Құрметтесек, ел мен мемлекеттің, ғылым мен білімнің болашағын өз қолымен жасаушы, өз қолымен қанаттандырушы ұлттық зерттеу университетімізді құрметтейік! Ардақтасаңыздар, ұлттық зерттеу университетіңізді ардақтаңыздар! Мақтансаңыздар, ұлттық зерттеу университетіңізбен мақтаныңыздар!

Қазіргі шақта еліміздің жоғары оқу орындарын бітіріп, бакалавр, магистр деген академиялық атақтар алып тұрған мыңдаған жастар бар. Олардың бәрінің де қуанышында шек жоқ. Алайда Сіздердің қуаныштарыңыздың ажары да, айдары да бөлек. Өйткені Сіздер бакалавр, магистр дипломдары мен академиялық атақтарды Қазақ ұлттық зерттеу университетінен алып отырсыздар. Елімізде университеттер көп. Ал Қазақ ұлттық зерттеу университеті біреу ғана. Ол – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университеті. Қазақ ұлттық зерттеу университеті – ұлттың ақыл-ой асқары. Ұлттық зерттеу университеті – халықтың ар-ождан алауы. Ұлттық зерттеу университеті – мемлекеттің абырой жалауы. Сіздер бүгін ұлттың ақыл-ой асқарына асып бара жатырсыздар. Көкірек көздеріңізден халықтың ар-ождан алауын лаулатып тұрсыздар. Жас түлек үшін бұдан артық байлық, бұдан артық асыл қазына болмақ емес. Бұл байлық – сәулелі де сәулетті байлық, бұл қазына - аяулы да баянды қазына. Байлығы сәулелі де сәулетті, қазынасы аяулы да баянды жастың өмірі де сәулелі және сәулетті, аяулы және баянды. Өмірі сәулелі де сәулетті, аяулы да баянды жастың елі де, мемлекеті де сәулетті және баянды болмақ. Мен Сіздерге ұлттық зерттеу университеті ұстаздарының атынан сәулетті де баянды ғұмыр тілеймін!

Құрметті түлектер! Қазіргі шақта Сіздердің жанжүректеріңізде күн көзіндей жарық бар. Ол – ғылым мен білім жарығы. Ол – ақыл-ой мен абырой, ар-ождан жарығы. Ол – Ұлттық зерттеу университетінің жарығы. Мен Сіздердің жанжүректеріңіздегі күн көзіндей жарықтарыңыз елге түскей, халықты жарылқағай деп тілеймін! Білім мен ғылым көгінде парлай беріңіздер! Еңбектеріңіз ел игілігіне айналсын!

Университеттің қарт профессоры,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері
Ж. Дәдебай

30.05.2025